

15 дәріс. Қазақстандағы психологияның міндеттері мен даму келешегі

Республикада 1958 жылдан бастап психологтар қоғамы, жастар мен мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беретін Алматы қалалық зерттеу орталығы (1987), Талдықорғанда «Әлеуметтік-психологиялық орталық» (1995) жұмыс істейді. 1992 жылы этностар психологиясын зерттейтін «Ұлттық тәлім-тәрбие» ассоциациясы құрылды. Психологиялық зерттеу жұмыстары 20 педагогикалық институт пен 5 университеттің кафедрасында жүргізіледі. Ұлттық ғылым академиясы жанынан педагогика және психология бөлімшесін ашу көзделіп отыр.

Психологияның теориялық-әдіснамалық негізін аймақтың өзіндік ерекшелігін ескере отыра жасау. Қазақстандағы психологиядан іргелі зерттеулерге қажет шарттарды жасау міндеттері.

Жалпы білім беретін мектептерде, жоғары оқу орындарында психологиялық қызмет көрсету орталықтарын ашу және олардың мәртебесін, құрылымын және функцияларын анықтау. Психологиялық ғылымдарының қолданбалы аспектілерін дамыту.

С.М. Жақыпов қоғамдық-ғылыми іс-әрекетті белсенді атқаруда. Қазіргі кезде ол Қазақстан психологтарының Ұлттық ассоциациясын басқарады. Бұл ассоциацияның мақсаты-қолданбалы психология салаларын дамыту. 1997 жылдан бастап, С.М. Жақыпов өзінің әріптестері психолог-тәжірибешілермен практикалық психология бойынша Алматылық жеті күндікті

жүргізеді. Қазіргі уақытта бұл бастама басқа қалаларда кеңінен қолдау тауып, Астана, Ақтөбе, Экибастуз, Павлодар, Темиртау, Талдықорған, Тараз, Қарғанды және Шымкент қалаларында ҚПҰА қарамағында «Психологиялық интенсив» деген атпен өткізілуде.

С.М. Жақыповтың ғылыми және тәжірбиелік іс-әрекеті қызықты және көпқырлы. Ол психология ғылымының өзекті мәселелері бойынша 12 ғылым жинақтың редакторы болып табылады, халықаралық және республикалық ғылыми - теориялық, ғылыми - практикалық, ғылыми - әдістемелік конференциялар мен симпозиумдардың жұмысына белсенді қатысады.